

Кармакшы ауданының прокуратурасымен ауданда педагог қызметкерлерінің еңбек құқықтарының шектелгені анықталды.

Ауданда 129 педагог қызметкерлер екі лауазымда 1,5 ставкамен қызмет аткарып, кезекті еңбек демалысына шығу кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақысы толық төленбей, тек 1 ставка мөлшерінде төленгені белгілі болды.

Мысалы мектеп директорының орынбасарына (*1 ставка*) және тарих пәні мұғаліміне (*0,5 ставка*) сауықтыруға арналған материалдық көмек 1 тарифтік ставка көлемінде төленген.

Аталған педагогтарға ұжымдық шартпен көзделген әлеуметтік кепілдіктеріне жасанды шектеулер қойылған.

Оған қоса жұмыс беруші мен педагог қызметкерлері арасында тек негізгі жұмыс бойынша еңбек шарты жасалып, ал қосымша жұмысына қатысты қандай да бір еңбек шарттары жасалмаған.

Прокуратураның ұсынуымен аудандағы 19 мектептің жұмыс берушілеріне Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 86-бабымен (*еңбек шартын жасаспау*) 719 мың теңгеге айыппұл салынса, 129 мұғалімге 12,5 млн теңге қосымша демалыс жәрдемақысы төленді.

**Кармакшы ауданының прокуратурасы**